

Құрметті төрағалық етуші! Құрметті депутаттар!

Бүгін Сіздің қарауыңызға «2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы шығарылып отыр.

Заң жобасы 2021 жылға дейінгі экономиканың даму болжамына сәйкес алдағы үш жылдыққа арналған елдің әлеуметтік және экономикалық саясатын іске асырудың негізгі бағыттарын көрсетеді.

Бюджеттің макроэкономикалық негізі тұрақты, бірақ болжамдар айтарлықтай консервативті, бұл туралы ұлттық экономика министрінің баяндамасында айтылған.

Сонымен қатар, бюджет «жаңа уақыт» талаптарында атқарушы биліктің алдына қойылған барлық міндеттерді іске асыруды қамтамасыз етеді. **2-СЛАЙД.** Бұл:

1) жұмыс орнын сақтау және бюджеттің әлеуметтік құрауышын одан әрі арттыру бойынша шараларды қабылдауға байланысты барлық ағымдағы міндеттерді орындау;

2) индустриаландыруды, аграрлық секторды, шағын және орта бизнесті, көлік, су, энергетика және тұрғын үй инфрақұрылымын дамытуды қолдау арқылы тұрақты экономикалық өсу үшін жағдайлар құру бойынша стратегиялық міндеттерді іске асыру;

3) қорғанысқа қабілеттілікті және мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

4) бюджет тапшылығының ең төмен параметрлерін қабылдау және Ұлттық қор қаражатын үнемді пайдалану есебінен сыртқы капитал көздеріне тәуелділікті төмендетуді және экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

5) бұдан әрі орталықтандыруды болдырмау және өңірлерді қаржылық нығайту.

* * *

Бюджет параметрлері балансталған және экономиканы қолдау бойынша шараларды іске асырудың мұнай құрауышынан біртіндеп алшақтауды көрсетеді.

Республикалық бюджет кірістері (трансферттерді қоспағанда) **2017 жылға** ағымдағы жылғы бағамен салыстырғанда **138,1 млрд. теңгеге** немесе **3,3%-ке** арта отырып, **4 338,2 млрд. теңгені** құрайды (2018 жылы – **4 562,3 млрд. теңге**, 2019 жылы – **4 877,2 млрд. теңге**). **5-6-СЛАЙД.**

Негізге алынған экономикалық көрсеткіштердің орташа, бірақ тұрақты өсуі, сондай-ақ салықтық әкімшілендіруді жақсарту **кірістер болжамын** жалпы алғанда **404,1 млрд. теңгеге** ұлғайтты. **7-СЛАЙД.**

Бұл ретте, ағымдағы жылғы біржолғы түсімдер және бірқатар басқа факторлар салыстырған кезде кіріс базасын **266 млрд. теңгеге** төмендетеді. Нақты факторлық талдау **№ 7 слайдта** ұсынылған.

2018 және 2019 жылдары алдағы жылдың деңгейіне қарағанда кірістер түсімдерін **224 млрд. теңгеге** және тиісінше **314,9 млрд. теңгеге** ұлғайту (трансферттерді қоспағанда) жоспарланып отыр.

Енді нақты бюджеттің кіріс бөлігінің параметрлеріне тоқтала кетуге рұқсат етіңіздер. **6-СЛАЙД.**

Республикалық бюджет кірістерінде 2017 жылы ең үлкен үлес салмағы (97,3 %) салық түсімдеріне келеді.

Салық түсімдері 2017 жылы **4 221,1 млрд. теңгені**, 2018 жылы – **4 419,7 млрд. теңгені**, 2019 жылы – **4 686,2 млрд. теңгені** құрайды. 2017 жылы айтарлықтай үлес қосылған құн салығына (37,9%), корпоративтік табыс салығына (33,8%) тиесілі.

2017 жылға арналған мұнай емес секторынан түсетін корпоративтік табыс салығы бойынша болжам мұнай емес секторының ВДС болжамдалған көлеміне негізделген және 2016 жылғы бағалауға қарағанда **133,4 млрд. теңге** немесе 10,3% (2018 жылы – **1 566 млрд. теңге**, 2019 жылы – **1 717,4 млрд. теңге**) арта отырып, **1 427,6 млрд. теңге** сомасында есептелген.

2017 жылға арналған қосылған құн салығы бойынша болжам 2016 жылғы бағалауға қарағанда **153,1 млрд. теңге** немесе 10,6% (2018 жылы – **1 651,2 млрд. теңге**, 2019 жылы – **1 743 млрд. теңге**) арта отырып, **1 598,3 млрд. теңге** сомасында есептелген.

2017 жылға арналған халықаралық саудаға және сыртқы операцияларға салынатын салық бойынша болжам 2016 жылғы бағалауға қарағанда **31,5 млрд. теңге** немесе 3,6% (2018 жылы – **912 млрд. теңге**, 2019 жылы – **923,7 млрд. теңге**) арта отырып, **914,7 млрд. теңге** сомасында есептелген.

2017 жылға арналған **салықтық емес түсімдер** бойынша болжам 2016 жылғы бағалауға қарағанда ағымдағы жылғы біржолғы түсімдер есебінен болған **158,9 млрд. теңгеден** азайтыла отырып, **113,7 млрд. теңге** болып анықталды, ол туралы жоғарыда айтылып өткен (2018 жылы – **114,7 млрд. теңге**, 2019 жылы – **163,9 млрд. теңге**).

2017 жылға арналған **негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер** бойынша болжам **6,1 млрд. теңге** (2018 жылы – **27,9 млрд. теңге**, 2019 жылы – **27,1 млрд. теңге**) 2016 жылғы бағалауға қарағанда **3,4 млрд. теңге** сомада айқындалды.

Құрметті депутаттар, 2015 жылғы Үкіметтің есебін және өткен жылы бюджет жобасын тыңдаған кезде берілген Сіздердің ескертулеріңіз бен ұсынымдарыңыз ескерусіз қалған жоқ. Біз бюджеттің кіріс бөлігін нығайту бойынша толыққанды жұмыс жүргізіп отырмыз. Іс-шаралардың тиісті жоспары биыл бекітілген.

Бүгінгі таңда салықтық әкімшілендіру тиімділігін арттыру, салық төлеуден жалтару фактілерін ерте айқындау, ықтимал жалған кәсіпкерлерді айқындау тетіктерін пысықтау бойынша жұмыс белсенді жүргізіліп келеді.

Тәуекелдерді басқарудың әзірленген жүйесі салық төлеушілердің қызметіне тұрақты негізде мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

Қосылған құн салығын есепке алу бойынша талаптар қатаңдатылды. Электрондық шот фактуралар енгізіліп отыр. «өнім берушілер пирамидасы» деп аталатындар бойынша талдамалық жұмыстың жаңа әдістері енгізілу үстінде.

Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт үш жылға 2 880,0 млрд. теңге немесе қолданыстағы тұжырымдамаға сәйкес оны қалыптастыру және пайдалану 8 млрд. АҚШ доллары мөлшерінде айқындалды. 5-СЛАЙД.

Ұлттық қордан нысаналы трансферт 2017 жылы 441,6 млрд. теңгені (1,2 млрд АҚШ долларын) құрайды, ол 720 млрд. теңге (2 млрд. АҚШ доллары) сомада Ұлттық қорды басқару кеңесі бұрын мақұлдаған көлемінен 278,4 млрд. теңгеге азайтылған.

2017 жылы тартылатын трансферт есебінен, ал 2018 жылы бюджеттің жалпы шығыстары құрамында «Нұрлы Жол» мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасы және бірқатар дағдарысқа қарсы шаралар іске асырылатын болады.

Республикалық бюджет шығыстары 2017 жылы 8 564,4 млрд. теңге немесе жалпы ішкі өнімге 17,7 %-ті құрайды;

2018 жылы – 8 370,6 млрд. теңге немесе жалпы ішкі өнімге 16,2 %;

2019 жылы – 8 751,2 млрд. теңге немесе жалпы ішкі өнімге 15,8 %. 5-СЛАЙД

Жалпы ішкі өнімге шығыстар көлемін біртіндеп төмендету экономиканы дамытуды қаржыландыруды бюджеттен тыс

көздеріне – жеке инвестицияларға мемлекеттік жеке кәсіпкерлікке, сервистік модельге көшу үдерісін көрсетеді.

Енді 2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет шығыстарының негізгі бағыттарына көшуге рұқсат беріңіздер. **8-9-СЛАЙД.**

1. «ӘЛЕУЕМЕТТІК БЮДЖЕТ»

2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасында әлеуметтік салаға арналған жалпы шығыстар **11 662,3 млрд. теңгені**, оның ішінде 2017 жылға – **3 567,3 млрд. теңгені** құрайды. **10-СЛАЙД.**

2017 жылға арналған республикалық бюджет шығыстарының жалпы көлеміне қарағанда әлеуметтік блок **41,7%-ті** құрайды.

Әлеуметтік шығыстардың негізгі үлесі әлеуметтік қамтамасыз етуді қаржыландыруға және елдің азаматтарына әлеуметтік көмек көрсетуге келеді.

Осылайша, жоспарланған кезеңде осы бағытқа **7 291,4 млрд. теңгені**, оның ішінде ағымдағы жылғы **54,5 млрд. теңге** немесе **2,6%-ке** өсе отырып, 2017 жылы – **2 082,1 млрд. теңгені** бағыттау ұсынылады.

Көбінесе, 2017 жылы шығыстардың өсуі 2016 жылмен салыстарғанда шамамен зейнетақы және әлеуметтік төлемдерді алушылар санының 330 адамға өсуіне және инфляция деңгейінен 2%-ке оза отырып, зейнетақылар мөлшерін индекстеу мен базалық зейнетақы төлемдері мен жәрдемақылар – инфляция деңгейіне тепе-тең болуына байланысты.

Осылайша, зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеуге үш жылдық бюджетте **7 060,4 млрд. теңге** көзделген, оның ішінде

2017 жылы – **2 005,9 млрд. теңге**, ол ағымдағы жылмен салыстарғанда **212,2 млрд. теңге** немесе **10,6%-ке** артық.
11-СЛАЙД.

Алдағы кезеңде ұйымдарда **Жұмыспен қамту жол картасы 2020** шеңберінде орнықты және өнімді жұмыспен қамту бойынша жұмыс жалғастырылуда. **12–СЛАЙД.**

Оны іске асыруға үш жылдық бюджетте **113,5 млрд. теңгені** бағыттау жоспарлануда, оның ішінде 2017 жылы – **37,3 млрд. теңге**. 2017 жылдан бастап Бағдарламаның бірінші бағыты (инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру есебінен азаматтарды жұмыспен қамтамасыз ету) бойынша шығыстар «2017-2019 жылдарға арналған республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасында жалпы сипаттағы трнасферттердің көлемі туралы» жаңа Заң жобасы шеңберінде жергілікті бюджеттер базасына берілді. Осы мақсаттарға көрсетілген заң жобасында **жыл сайын 40 млрд. теңге** ескерілген.

Жалпы алғанда, Жұмыспен қамту жол картасы 2020 бойынша бюджет шығыстары жұмысқа тұрғызуға жәрдем көрсету және еңбек нарығында талап етілетін мамандықтарға қайта оқыту, кәсіпкерлікті дамытуға және жыл сайын 47 мың азаматтың жұмыс орнын сақтауға жәрдемдесу арқылы халықты жұмыспен қамту деңгейін арттыруға бағытталатын болады.

Осы шаралар жұмыспен қамту саласында жиынтығында өткізіліп отырған мемлекеттік саясатпен бірге жұмыссыздық деңгейін 5,2%-тен аспайтын деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Ағымдағы әлеуметтік міндеттемелерді уақтылы және толық орындауды қамтамасыз етуден басқа бірқатар жаңа міндеттемелер қабылданатын болады.

2017-2018 жылдарда Мүгедектердің құқығы туралы конвенцияны 2015 жылы ратификациялауды іске асырылатын Мүгедектерге берілетін техникалық көмекші (орын толтырушы) құралдар тізбесін одан әрі кеңейту жоспарлануда.

Көру қабілеті нашар адамдарға, мүгедек балаларға, тірек-қимыл аппараты бұзылған және өз бетімен қызмет көрсету қиындатылған мүгедектерге көмекші құралдар тізбесі айтарлықтай кеңейтілетін болады. Осы мақсаттарға қаржыландыру көлемі 2017 жылы қосымша - **2,2 млрд. теңгені**, 2018 жылы – **2,6 млрд. теңгені** құрайды.

Бұл сол маңызды шаралар, **құрметті депутаттар Сіздер** өткен жылғы және ағымдағы жылғы тақырыптық отырыстарда олар бойынша мәселе көтергенсіздер.

Сондай-ақ, 2018 жылы мыналар:

Қолданыстағы атаулы әлеуметтік көмектің, 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемдердің және 4 және одан да көп балалары бар аналарға арнайы мемлекеттік жәрдемақылардың орнына жаңа форматта атаулы әлеуметтік көмек енгізілу көзделді.

Жаңа форматта енгізу Ұлт жоспарының 84-қадамымен көзделген және аз қамтылған азаматтар санынан жұмыспен қамту және әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларына белсенді қатыстыра отырып, еңбекке тарту арқылы ұсынылатын әлеуметтік көмектің атаулығын күшейтуге бағытталған. Көрсетілген мақсаттарға бюджетке 2018 жылы **42,8 млрд. теңге**, 2019 жылы – жыл сайын 1,4 млн. адамды қамтумен **45 млрд. теңге** көзделген.

2. Ең төмен күнкөріс минимумы құрылымын тағамдық емес тауарлар мен қызметтер шығыстарының тіркелген үлесін 40%-тен 45%-ке өзгерту. Нәтижесінде ең төмен күнкөріс минимумы

15,6%-ке ұлғаяды және абсолютті мәнде **28 284** теңгені құрайды.

13-СЛАЙД.

Тиісінше мүгедектік бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша, жасының келуі бойынша, ата-аналарға, қамқоршыларға, мүгедек балаларды тәрбиелейтіндерге мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшері 15,6%-ке көтерілетін болады, осы мақсаттарға қосымша қажеттілік 2018 жылы **29,3 млрд. теңгені**, 2019 жылы – **31,3 млрд. теңгені** құрайды.

Сонымен қатар, ең төмен күнкөріс минимумы құрылымын қайта қарау ортақ зейнетақы төлемдеріне де ықпал етеді, 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап оның мөлшері **14 142 теңгені** құрайтын болады, осы мақсаттарға 2018 жылы – **33,7 млрд. теңге**, 2019 жылы – **56,5 млрд. теңге** көзделген.

3. Бюджет жобасында 2018 жылғы 1 шілдеден бастап зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты ортақ зейнетақы төлемін тағайындау тәртібіне өзгеріс ескерілген (Бұл ретте, өтілі 1998 жылғы 1 қаңтарына, сондай-ақ зейнетақы жарналары төленген кезеңдерге енгізілетін болады).

Мәселен, еңбек өтілі 10 жыл болғанда немесе еңбек өтілі мүлдем болмаса, базалық зейнетақы мөлшері ең төмен күнкөріс минимумы мөлшерінің 50 процентіне тең болады. 10 жылдың үстіндегі әрбір жылға базалық зейнетақы мөлшері 2 процентке ұлғаятын болады, 35 және одан да көп жылда базалық зейнетақы мөлшері ең төмен күнкөріс минимумының 100 процентін құрайды.

Базалық зейнетақы төлеміне қосымша қажеттілік 2018 жылда **116,3 млрд. теңгені**, 2019 жылы **249,2 млрд. теңгені** құрайды. Нәтижесінде базалық зейнетақының орташа мөлшері 2018 жылға 92 процентке өседі.

4. Жұмыс берушілердің 5 процент мөлшеріндегі міндетті зейнетақы жарналарын енгізу. Республикалық ұйымдардың қосымша шығыстары 2018-2019 жылдарда **23 млрд. теңгеден** құрайды. Жергілікті бюджеттердің осы мақсаттарға шығыстары 2018 жылы **53,2 млрд. теңгені**, 2019 жылы **54,1 млрд. теңгені** құрайды. Бұл шығыстар қаралып отырған 2017 – 2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттер туралы заң шеңберінде жергілікті бюджеттердің базасына берілді.

5. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыларға жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау 2018 жылы **4,8 млрд. теңге**, 2019 жылы **5,5 млрд. теңге**.

Бұл шара жоғарыда аталған адамдар санатында зейнетке шығу үшін қажетті зейнетақы жинақтарын қалыптастыруға бағытталған. Ай сайынғы субсидия әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген табыстың 5 проценті мөлшерлемесі бойынша есептелетін болады.

Денсаулық сақтауда 2017-2019 жылдарға шығыстар жыл сайынғы базалық шығындарды сақтау, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың енгізілуіне байланысты жаңа бастамалар мен реформалардың іске асырылуы ескеріле отырып, қалыптастырылған. **14-СЛАЙД.**

2017-2019 жылдарға Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің шығындары шеңберінде денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыруға **3 187,2 млрд. теңге** көзделген. Оның ішінде 2017 жылға ағымдағы жылмен салыстырғанда **224,7 млрд. теңгеге** немесе **22,2 процентке** арта отырып, **1 011,9 млрд. теңгені** құрайды.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу үшін платформа дайындау мақсатында 2018 жылдан бастап аталған шығыстарда **176,3 млрд. теңге** сомасында республикалық деңгейге берілетін жергілікті бюджеттердің денсаулық сақтауға арналған шығындары ескерілген.

Бұл ретте 2017 жылы медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі **915,5 млрд. теңге** сомасында сақталатын болады.

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап халыққа медициналық көмек екі көзден, атап айтқанда жұмыс берушілердің аударымдары мен салымдарын аудару жолымен қалыптастырылған Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының, сондай-ақ әлеуметтік маңызды аурулар мен медициналық қызметтердің жекелеген түрлері бойынша тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қамтамасыз етуге арналған республикалық бюджеттің қаражаты есебінен көрсетілетін болады.

2018 жылы халыққа медициналық көмек көрсетуге **955,7 млрд. теңге**, оның ішінде мыналардың:

- салым төлеуден босатылған және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінен медициналық көмек алуға құқығы жоқ адамдар үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына мемлекеттің **624,8 млрд. теңге** салымы;

- тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін **330,9 млрд. теңге** қамтамасыз ету есебінен жұмсалатын болады.

2017 жылғы 1 шілдеден бастап жұмыс берушілердің бюджет саласындағы қызметкерлер үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарын төлеуге **16,9 млрд. теңге** көзделді.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын институционалдық қолдауды ұйымдастыруға **6,1 млрд. теңге** сомасына Халықаралық қайта құру және даму бінкінің несиесін тарту көзделіп отыр.

Сонымен бірге 2017 жылы денсаулық сақтау жүйесін дамыту жөніндегі шараларды жалғастыруға мынадай:

- жоғары және орта білімнен кейінгі білімі бар 28,4 мың медициналық кадрды даярлауға және 13,8 медициналық кадрдың біліктілігін арттыруға **30,7 млрд. теңге**;

- Ақтөбе, Алматы, Арал және Павлодар қалаларында 4 денсаулық сақтау объектісін салуға және Алматы қаласындағы 7 денсаулық сақтау объектісін сейсмологиялық күшейтуге және оларды күрделі жөндеуге **11,0 млрд. теңге**; - Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкінің арасындағы Қарыз туралы келісімнің (Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау секторында технологияларды беру және институционалдық реформалар жүргізу жөніндегі жоба) шеңберінде денсаулық сақтау ұйымдарының ақпараттық жүйелерін дамыту жөніндегі іс-шараларды аяқтауға **19,8 млрд. теңге**;

- медициналық жабдықтарды сатып алу жолымен денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға **15,7 млрд. теңге** жұмсалатын болады.

Білім беру.

Осы саланы 2017-2019 жылдары қаржыландыру **883,1 млрд. теңгені** құрайды, оның ішінде 2017 жылы – **364,2 млрд. теңге**, мұның өзі ағымдағы жылмен салыстырғанда 93,2 млрд. теңгеге аз. **15-СЛАЙД.**

Шығыстардың төмендеуі жергілікті бюджеттердің базасына жалпы сомасы **401,4 млрд. теңгеге**, оның ішінде 2017 жылы – **132,5 млрд. теңгеге** шығыстарды беруге негізделген, олардың **97,3 млрд. теңге** сомасындағы ең үлкен мөлшері «Балапан» бағдарламасы бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға бағытталды.

Білім беру саласы бойынша жоспарланатын кезеңге арналған республикалық бюджеттің шығыстары мыналарға:

- жоғары және орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға және білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыруға **163 млрд. теңге**;

- республикалық бюджет пен Ұлттық қордың есебінен білім беру объектілерін салуға **94,6 млрд. теңге: 16-СЛАЙД.**

- 3 ауысымды және апатты мектептерді жою үшін 2015-2016 жылдары басталған 52 мектепті аяқтауға – **29,9 млрд. теңге**;

- жаңа мектептерді салуға – **56,5 млрд. теңге**;

- 17 білім беру объектісін сейсмологиялық күшейтуге – **8,3 млрд. теңге**.

- республикалық білім беру ұйымдары мен Назарбаев зияткерлік мектептерінде дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеуге – **30,8 млрд. теңге**;

- «Назарбаев Университет» пен «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарын дамытуға - **59,1 млрд. теңге**;

Анықтама үшін: осы мөлшердің шеңберінде, оның ішінде мынадай:

- Назарбаев Университет объектілерінің құрылысын аяқтауға (ПК 2, ПК 3, ПК 4 және қолданыстағы академиялық блоктарды кеңейту) - 24 431,5 млн. теңге;

- НЗМ нысаналы салымының шеңберінде Алматы қаласындағы «Республикалық физика-математикалық мектеп» КЕАҚ құрылысы аяқталмаған кешенінің құрылысын аяқтауға – 4 475,6 млн. теңге көзделді.

- тіл курстары бойынша тағлымдамадан өткен мұғалімдерге үстеме ақы төлеуге және негізгі қызметкердің оқуы кезеңінде

ауыстырғаны үшін жергілікті бюджеттердің шығыстарын өтеуге **2,2 млрд. теңге** жұмсалатын болады.

Ғылым. 17-СЛАЙД.

Зерттеулер жүргізу және бағдарламалық-нысаналы, гранттық және базалық қаржыландырудың үш нысаны бойынша ғылыми ұйымдарды қаржыландыру арқылы ғылымды дамытуға **92,6 млрд. теңге**, оның ішінде 2017 жылы **31,6 млрд. теңге** көзделген. Оның ішінде:

- бағдарламалық-нысаналы және гранттық қаржыландыру шеңберінде 1 564 ғылыми зерттеу жүргізуге **26,7 млрд. теңге**;
- базалық қаржыландыру шеңберінде 114 ғылыми ұйымның қызметін қамтамасыз етуге **4,7 млрд. теңге** көзделген.

Мәдениет пен спортты дамыту.

2017-2019 жылдары осы бағыт бойынша шығыстар сомасы **181,3 млрд. теңгені**, оның ішінде 2017 жылы **70,2 млрд. теңгені** құрайды, мұның өзі 2016 жылғы деңгейден **14,1 млрд. теңгеге** аз.

Шығыстардың азаюы 2017 Дүниежүзілік Универсиаданың шеңберінде бірқатар іс-шараларды, атап айтқанда 2 мұз айдынын салуды, спорттық және басқа да жабдықтар сатып алуды, тестілік спорт және басқа да іс-шаралар өткізуді 2016 жылы аяқтауға байланысты болды.

ЭКСПО 2017 халықаралық көрмесін өткізу барысында әлемдік қауымдастыққа Қазақстанның мәдениеті мен өнер саласындағы жетістіктерін, атап айтқанда қазақ халқының тарихын, мәдениеті мен дәстүрін, «Мәңгілік Ел» Ұлы дала ұлттық идеясын, Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуын, елорданың өркендеуін көрсететін іс-шараларды паш ету жоспарланып отыр.

Осыған байланысты Мәдениет және спорт министрлігінің бюджеті шығыстарының шеңберінде 78 мәдени-көрнекі іс-шараны *(қазақтың дәстүрлі өнері, театралдық-көрнекі іс-шаралар, халықаралық жобалар, көрмелер, спорттық және білім беретін тақырыптық іс-шаралар)* өткізуге шамамен **6,5 млрд. теңге** жұмсалатын болады.

Қазақстан үшін 2017 жыл Алматы қаласында өтетін 2017 жылғы 28-ші Дүниежүзілік қысқы универсиада сияқты тағы да бір маңызды іс-шарамен есте қалады. Оны өткізуге **7,1 млрд. теңге** бөлу ұсынылып отыр.

Жоғарыда аталғаннан басқа 2017 жылы мынадай басым бағыттарды орындау жалғасатын болады, оның ішінде:

- мәдениет пен мұрағат ісі ұйымдарының қызметін қамтамасыз етуге – **13,9 млрд. теңге**;

- жаппай спортты, ұлттық спорт түрлерін және жоғары жетістіктер спортын қолдау мен дамытуға – **17 млрд. теңге**;

- ұлттық фильмдерді шығаруға – **2,5 млрд. теңге** жұмсалады;

Анықтама: Бұл шығыстар жаңа 13 фильм шығаруға, 1 фильмнің түсірілімін жалғастыруға, 2 фильмді аяқтауға көзделген.

- 2 683 дарынды баланы оқыту мен тәрбиелеуге, техникалық, кәсіптік, сондай-ақ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында шамамен 3000 маман даярлауға және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсетуге – **16,7 млрд. теңге**;

- әлеуметтік маңызы бар және мәдени іс-шараларды өткізу (республикалық, халықаралық конкурстарды, фестивальдарды өткізу, сондай-ақ халықаралық іс-шараларда отандық орындаушылардың, шығармашылық ұжымдардың қатысуын қамтамасыз ету) – **7,9 млрд. теңге**.

Мемлекеттік бағдарламаның жұмыс істеуі мен тілдерді дамытуды іске асыруға жыл сайын **2,1 млрд. теңгеден** жұмсау жоспарлануда.

2. «ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ» 18-СЛАЙД.

«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде үш жылға **46,1 млрд. теңге**, оның ішінде 2017 жылы – **22,1 млрд. теңге** кредиттер бойынша проценттік мөлшерлемелерді субсидиялауға, кредиттерді, гранттарды ішінара кепілдендіруге, сондай-ақ кәсіпкерлерді қолдаудың қаржылық емес әдістеріне көзделген. **19-СЛАЙД.**

Өңірлерді дамытудың **2020 жылға дейінгі бағдарламасын** іске асыруға 2017 – 2019 жылдары **369,2 млрд. теңге** сомасында қаражатты, оның ішінде 2017 жылы – **233,1 млрд. теңгені**, мынадай бағыттар бойынша жұмсау ұсынылады. **20-СЛАЙД.**

«Ақ бұлақ» бағыты бойынша үш жылдық кезеңге **83,3 млрд. теңге** сомасында, оның ішінде 2017 жылы – **29,9 млрд. теңге**, сонымен қатар:

- қалалық сумен жабдықтауға және суды бұруға – **8,9 млрд. теңге**;
- ауылдық сумен жабдықтауға және суды бұруға – **19,9 млрд. теңге** көзделген.

«Қолжетімді тұрғын үй-2020».

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жаңа кешенді тәсілдерді ескере отырып, жүзеге асырылатын болады. Осы тәсілдер «Нұрлы Жер» тұрғын үй құрылысының жаңа бағдарламасында көрініс табатын болады.

Сонымен қатар, қазірдің өзінде бюджет жобасына жаңа құралдар енгізілген.

Мәселен, осы бағыт бойынша 2017-2019 жылдары **224,4 млрд. теңге** сомасында шығыстар енгізілген.

2017 жылы – **143,4 млрд. теңге**, оның ішінде Ұлттық қордан **103,4 млрд. теңге**.

Ұлттық қордың қаражаты мынадай басым бағыттарға:
сатып алу құқығы жоқ жалгерлік тұрғын үйі құрылысын
салудың жаңа бағыттарына **25 млрд. теңге**;

«Байтерек девелопмент» АҚ мен «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» АҚ тартылған қаражат бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға **21 млрд. теңге**;

тұрғын үйлерге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның құрылысын салуға **57 млрд. теңге** жұмсалатын болады.

Одан ары тұрғын үй құрылысын дамыту жеке құрылыс салушыларды ынталандырудың нарықтық тетіктеріне, ипотекалық нарықтарды дамытуға барынша назар аудара отырып, жүзеге асырылатын болады, бұл республикалық бюджетке түсетін жүктемені едәуір төмендетуге мүмкіндік береді.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртуға 2017 – 2019 жылдары **55,7 млрд. теңге**, оның ішінде 2017 жылы – **54 млрд. теңге** көзделген, олар жылумен, сумен жабдықтау және суды бұру жүйелерін реконструкциялауға және салуды кредиттеу мен субсидиялауға бағытталатын болады.

Ауыл шаруашылығы. 21-СЛАЙД.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің үш жылдық кезеңге арналған шығыстары **635,5 млрд. теңге** құрайды, оның ішінде 2017 жылға – **218 млрд. теңге**.

«Агробизнес - 2020» бағдарламасы шеңберінде агроөнеркәсіп кешенін дамытуға экономикалық өсуді қамтамасыз ету мақсатында 2017-2019 жылдары **301,4 млрд. теңге** көзделген, оның ішінде 2017 жылы – **105,3 млрд. теңгені**:

- Агроөнеркәсіп кешені субъектілерін қаржылық сауықтыруға – **30,5 млрд. теңге**;

- инвестициялық салымдар кезінде Агроөнеркәсіп кешені субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге - **25 млрд. теңге**;

- кредиттер (лизинг) бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өтеуге – **15,6 млрд. теңге**;

- ветеринария саласын дамытуға – **23,1 млрд. теңге**;

- өсімдік шаруашылығын және фитосанитариялық қауіпсіздікті дамытуға – **9,5 млрд. теңге** жұмсау жоспарлануда.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес ағымдағы жылы Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы әзірленетін болады. Бағдарламаның басымдылығы мыналар:

- ауыл шаруашылығы өндірісін әртараптандыру мен көлемін ұлғайту;

- қайта өңделген өнімді экспорттау;

- ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін қаржы ресурстарының қолжетімдігі;

- сервистік-дайындау кооперативтерін құру болып табылады.

Жаңа бағдарламаны іске асырудың негізі ағымдағы жылы салынатын болады. Агроөнеркәсіптік кешенді қолдаудың қолданыстағы барлық құралдары олардың тиімділігін арттыру

бойынша қойылатын талаптарды ескере отырып оған енгізілетін болады.

Көлік жүйесі. 22-СЛАЙД.

Қазақстан Республикасының көлік жүйесі инфрақұрылымын дамыту мен интеграциялаудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды жалғастыруға 2017-2019 жылдары **1 049,2 млрд. теңге** бөлу жоспарланып отыр, соның ішінде 2017 жылы – **486,4 млрд. теңге**, оның ішінде автомобиль жолдарын дамытуға Ұлттық қордан нысаналы трансферт есебінен – **143,5 млрд. теңге** және «Халықаралық Астана әуежайы» АҚ жарғылық капиталын ұлғайтуға - **5 млрд. теңге**.

Осы қаражат есебінен **«Бейнеу-Ақтау» жобасы аяқталып, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай»,** Орталық-Оңтүстік «Астана-Карағанды-Балхаш-Қапшағай-Алматы», Орталық-Шығыс «Астана-Павлодар-Қалбатау-Өскемен», Орталық-Батыс, «Астана-Петропавловск», «Алматы-Өскемен», «Ақтөбе-Атырау (Астраханда)», «Орал-Каменка – РФ шекарасы» жобалары бойынша жұмыстар жалғастырылатын болады.

Республикалық маңызы бар жолдарды салу, реконструкциялау мен жөндеу және жергілікті маңызы бар автожолдарды, өзен мен су, сондай-ақ әуе көлігін дамыту бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

Сол сияқты үш жылдық бюджет жобасында теміржол, автокөлік жолаушылар тасымалдарын субсидиялауға **73,9 млрд. теңге** сомасында, оның ішінде 2017 жылға – **24 млрд. теңге** шығыстар көзделген.

Индустриялдық-инновациялық даму және өнеркәсіптік инфрақұрылым. 23-СЛАЙД

Индустриялдық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасының екінші кезеңін дамытуға 2017 – 2019 жылдары

жалпы сомасы **448,6 млрд. теңге** шығыстар, оның ішінде 2017 жылы – **155,9 млрд. теңге** көзделген.

Осы қаражат ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруға, Индустриалдық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасының жаңа жобаларын қаржыландыруға және шикізат емес экспортты қолдауға, сондай-ақ инвестицияларды тартуға, техникалық реттеу мен метрологияны қамтамасыз етуге, өндеуші кәсіпорындардың 6 басым салаларында инновацияларды дамытуға бағытталатын болады.

Құрметті депутаттар, осы бағытта үлкен рөл «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ атқаратын болады, оның жұмысы қазірдің өзінде Сіздің тарапыңыздан айтылған әділетті сынды ескере отырып, қайта қаралған форматта жасалатын болады.

ЭКСПО-2017 Халықаралық көрмесі.

2017-2019 жылдары ЭКСПО-2017 Халықаралық мамандандырылған көрмесін дайындау мен жүргізуге **110, 8 млрд. теңге**, оның ішінде 2017 жылы – Халықаралық көрмелер бюросымен өзара іс-қимыл жасау, көрмені ұлттық және халықаралық мәдени – ойын сауық және спорт шараларын жариялауға және жарнамалауға байланысты іс-шараларға **77 млрд. теңге** көзделген.

2018 – 2019 жылдарға жоспарланған **33,8 млрд.теңге**, көрме объектілерін көрмеден кейін пайдалану жөніндегі іс-шараларға бағытталатын болады.

Өңірлерде жылу- электр энергетика инфрақұрылымын дамыту. **24-СЛАЙД.**

Жылу - электр энергетикасын дамытуға үш жыл бойына 32 инвестициялық жобаны іске асыруға жыл сайын шамамен **32 млрд. теңге** бөлу жоспарланып отыр.

Бұл қаражат Астана қаласы бойынша ЖЭС-3 құрылысын жалғастыруға, ЖЭС-1 және ЖЭС-2 реконструкциялауға, сондай-ақ Ақмола, Павлодар, Алматы, Жамбыл, Ақтөбе және Оңтүстік Қазақстан облыстарында кіші станциялар, жылыту қазандықтарын, электр және жылу желілерін салуға мүмкіндік береді.

Ғарыш саласын дамыту.

2017-2019жылдарда осы мақсатқа **18,4 млрд. теңге** бөлу жоспарланып отыр, оның ішінде 2017 жылы – **9,9 млрд. теңге**.

Бұл қаражат «Ғарыш аппараттарының құрастырма-сынақ кешенін құру» және «Ғылыми-технологиялық мақсаттағы ғарыш жүйесін құру» жобаларын іске асыруды жалғастыруға, ғарыш аппараттарын басқаруды қамтамасыз етуге, сондай-ақ ғарыш қызметі салаысындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерге бағытталатын болады.

Геологиялық-барлау жұмыстарына арналған үш жылдық бюджет жобасында өңірлік және геологиялық-түсіру, іздестіру және іздеу-бағалау жұмыстарын іске асыруға **25,2 млрд. теңге** мөлшерінде қаражат көзделген, оның ішінде 2017жылға – **6,9 млрд. теңге** көзделген.

3. «ҚОРҒАНЫС ҚАБІЛЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК»

Мемлекеттің қорғаныс қабілеттілігін және жалпы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, құқық тәртібін қорғауға және ішкі қабілеттілікті қолдауға, халықты қорғауды және дағдарыс

жағдайында басқару тұрақтылығын қамтамасыз етуге және үш жылдық кезеңге **2 552,1 млрд. теңге**, оның ішінде 2017 жылға **893,5 млрд. теңге** көзделген.

Мемлекет қызметін құқықтық қамтамасыз етуге, тәуелсіз сот төрелігін іске асыруға, азаматтардың шетелде құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, теңгерімделген сыртқы саясатты қамтамасыз етуге, сондай-ақ шетелде ақпараттық-имидждік жұмыстарды іске асыруғашығыстар **434,3 млрд. теңге** сомасында, оның ішінде **2017 жылға 146,2 млрд. теңге** көзделген.

4. «ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК»

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасын жалғастыруға және Үкіметтің қосымша дағдарысқа қарсы шараларын іске асыруға бюджет жобасында Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансферт есебінен 2017 жылға **441,6 млрд. теңге** сомасында шығыстар көзделген. **25-СЛАЙД.**

Оның ішінде «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды жалғастыруға арналған **387,4 млрд. теңгені** мынадай бағыттар бойынша бөлу ұсынылады:

150,5 млрд. теңге көліктік инфрақұрылымды дамытуға;

115,4 млрд. теңге инженерлік-коммуникациялық және индустриялық инфрақұрылымды дамытуға;

71,7 млрд. теңге білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға;

27 млрд. теңге Әріптестік туралы негіздемелік келісімге сәйкес Халықаралық қаржы ұйымдарымен жобаларды бірлесіп қаржыландыруға;

10 млрд. теңге тұрғын үй салуға және Қазақстанның ипотекалық несиелерге кепілдік беру қоры арқылы үлестік салымдарды кепілдендіруге бөлу ұсынылады.

Бұрын айтылғандай, сондай-ақ Сіздердің, **құрметті депутаттар**, ұсынымдарыңызды ескере отырып, салық түсімдерін Ұлттық қордан берілетін трансферттермен ауыстыру үдерісін азайту шаралары қабылданды. 2017 жылға нысаналы трансферт көлемі **278,4 млрд. теңгеге** азайтылды, ал 2018-2019 жылдарға көзделмейді.

Аталған шаралар Ұлттық қордың валюталық активтерінің көлемін жалпы ішкі өнімнің 30 проценті мөлшеріндегі Ұлттық қорды басқару бойынша тұжырымдамамен берілген бағдардан аспайтын тұрақты деңгейде сақтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«ӨҢІРЛЕРДІ НЫҒАЙТУ»

Бюджет жобасында үш жылдық кезеңге жергілікті бюджеттерге берілетін нысаналы трансферттерге арналған шығыстар **1 490 млрд. теңгені** құрайды, оның **821, 3 млрд. теңгесі** 2017 жылға, оның ішінде: **27-СЛАЙД.**

- ағымдағы нысаналы трансферттер – **396, 5 млрд. теңге**;
- нысаналы даму трансферттері – **424,7 млрд. теңге**.

2017-2019 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттер көлемі туралы заң жобасында бұрын республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен қаржыландырылатын шығындарды жергілікті бюджеттердің шығыс базасына барынша беру ескерілген: **28-СЛАЙД.**

- 2017 жылы – **496,7 млрд. теңге**;
- 2018 жылы – **566,4 млрд. теңге**;

- 2019 жылы – **572,4 млрд. теңге.**

Өңірлерге субвенциялар 2017 жылы **1 482,9 млрд. теңгені**, 2018 жылы **1 563,8 млрд. теңгені**, 2019 жылы **1 568,3 млрд. теңгені құрайды. 29-СЛАЙД.**

2017 жылы бюджеттік алып қоюлар **239,9 млрд. теңгені** құрайды. Атырау және Маңғыстау облыстары мен Астана және Алматы қалалары донор өңірлер болып табылады. 2018 жылы алып қоюлар **257 млрд. теңгені**, 2019 жылы **292,2 млрд. теңгені** құрайды. **30-СЛАЙД.**

Республикалық бюджет тапшылығы, мемлекеттік борышты қалыпты деңгейде ұстау мақсатында, 2017 жылы 1,2 проценттен бастап 2019 жылы 1 процентке дейін жалпы ішкі өнімге қатысты төмендетіле отырып айқындалады және: **26-СЛАЙД.**

- 2017 жылы – **578,1 млрд. теңгені** немесе жалпы ішкі өнімге 1,2 процентті;

- 2018 жылы – **539,6 млрд. теңгені** немесе жалпы ішкі өнімге 1 процентті;

- 2019 жылы – **577,1 млрд. теңгені** немесе жалпы ішкі өнімге 1 процентті құрайды.

* * *

Құрметті депутаттар, бюджет шығыстарының нәтижелігін арттыру мақсатында Үкімет бірқатар маңызды бағыттар бойынша, оның ішінде Сіздердің ұсынымдарыңызды ескере отырып, Бюджет кодексіне түзетулерді пысықтап жатыр.

Бұл:

1. Стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың өзара байланысын қамтамасыз етуге;

2. Бюджет қаражаты есебінен жобаларды іске асыру кезінде квазимемлекеттік субъектілердің тиімділігін арттыруға және жауапкершілігін күшейтуге;

3. Бюджеттік кредиттердің игерілуін және пайдаланылуын есепке алу тетіктерін пысықтауға және тағы басқаларға қатысты.

Осы мәселелердің барлығы бақылауда. Жұмыс жалғасып жатыр.

* * *

Құрметті депутаттар!

Мемлекет басшысы қойған міндеттер мен ұзақ перспективаға елдіміздің даму стратегиясы ескеріле отырып, қалыптастырылған республикалық бюджет жобасы шығыстарының негізгі параметрлері осындай.

Бюджет балансталған және жаңа экономикалық даму жағдайынданағыз шынайы болып табылады.

Жұмыс топтары мен комитеттердің отырыстарында біз Сіздерді үш жылдық бюджет жобасы бойынша қызықтыратын барлық ақпаратты береміз және Сіздердің сұрақтарыңызға жауап береміз.

Сындарлы диалог пен Сіздердің тарапыңыздан қолдауға үміттенеміз.

Назарларыңызға рақмет!